

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының 1998 жылға арналған бюджеті туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 25 наурыздағы N 260

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының 1998 жылға арналған бюджеті:

кірістер бойынша - 7020,0 млн. теңге;
шығыстар бойынша - 7020,0 млн. теңге болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының 1998 жылға арналған бюджетінің кірістері заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың міндетті сақтандыру жарналарының және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген өзге де көздердің есебінен қалыптастырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы қаулыға қосымшада көрсетілген жәрдемақыларды төлеу жүргізілгеннен кейін облыстар, Ақмола және Алматы қалалары бойынша Әлеуметтік сақтандыру қорына түскен қаражаттың қалдығын, кейіннен оларды аймақтар бойынша қайта бөлу үшін, о р т а л ы қ т а н д ы р с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры қаражатының мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына сақтандыру жарналарының толық және уақытылы жиналуын қамтамасыз етсін.

6. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қаржы

министрлігі, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры 1998 жылдың 1 мамырына дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне еңбекке қабілетсіздігі парақтарына ақы төлеудің жүйесін реформалау жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1998 жылғы 25 наурыздағы
N 260 Қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорының 1998 жылға арналған бюджеті

КІРІСТЕР

млн. теңге

1. Заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын заңды және жеке тұлғалардың міндетті сақтандыру жарналарынан аударым	7020,0
КІРІСТЕР ЖИЫНЫ	7020,0

ШЫҒЫСТАР

1. Уақытша еңбекке қабілетсіздігі жөніндегі жәрдемақы	3150,1
2. Жүктілігі және босануы бойынша жәрдемақы	3427,4
3. Бала туған кездегі жәрдемақы	170,9
4. Жерлеуге арналған жәрдемақы	171,6
5. Сауықтыру қызметтері	100,0
ШЫҒЫСТАР ЖИЫНЫ	7020,0